

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**

**Университеттің Академиялық  
комитет кеңесінде бекітілді**  
Хаттама № 6 «22» 06.2020 ж.  
Оқу жұмысы жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_ Хикметов А.К.

**«8D02204- ИСЛАМТАНУ»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА  
ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2020**

Бағдарлама «8D02204 - Исламтану» білім беру бағдарламасына сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырушылар филоc. ғ. д., профессор Күрманалиева А.Д., филоc.ғ.д, профессор Рысбекова Ш.С., филоc.ғ.к. Ж.У. Кантарбаева

Бағдарлама дінтану және мәдениеттану кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

2020 ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ А.Д. Күрманалиева

Философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюросында мақұлданған

2020 ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ Хаттама

Әдістемелік бюро төрайымы \_\_\_\_\_ М.П. Кабакова

Философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген

2020 ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ Хаттама

Ғылыми Кеңес төрайымы,

Факультет деканы \_\_\_\_\_ А.Р Масалимова

Ғалым хатшы \_\_\_\_\_ Ж.У. Кантарбаева

## МАЗМҰНЫ

### **1. Мамандыққа қабылдау емтиханының мақсаты мен міндеттері.**

«Исламтану» мамандығы бойынша докторантураға түсушілерге арналған қабылдау емтиханының мақсаты олардың магистратурада оқып жүргендегі алған білімдерінің жиынтығын анықтау болып табылады. Сонымен бірге, докторлық білім беру бағдарламасы бойынша оқыту барысында қалыптасатын арнайы құзіреттіліктерді және исламтану саласында ғылыми-зерттеу қызметін сәтті меңгеруге қажетті талапкердің әмбебап құзіреттіліктерінің докторантураға сәйкестігін бағалау болып табылады.

*Емтиханның міндеттері:*

1. болашақ докторанттардың ақпаратты іздестіру, таңдау, синтездеу және нақтылау қабілеттері мен дайындықтарын бағалау;

2. оқуға түсушілердің оқу пәнін, өзінің болашақ мамандығының маңыздылығын түсінуді, кәсіби қызметті орындауға жоғары мотивациясының болуын анықтау;

3. оқуға түсушінің оқу барысында заманауи ақпараттық ресурстарды қолдануға дайындығын, ойлау мәдениетін иемденуін, ақпаратты жалпыламалау, анализдеу, қабылдау, мақсатты қоюға және оған жету жолдарын анықтау қабілеттіліктерін айқындау;

4. Оқуға түсушінің докторлық білім беру бағдарламасы бойынша оқуға мотивациялық дайындығын анықтау.

**Емтиханды қабылдау формасы** – күрделендірілген *жазбаша-ауызша* емтихан. Емтихан тапсырушы өзінің емтихан билеттерінің сұрақтарына жауапты жауап қағазына жазады және емтихан комиссиясының алдында ауызша жауап береді. Апелляцияға берген кезде жауап қағазындағы жазба ғана апелляция негізіне алынады.

*Ауызша* жауап беру барысында комиссия мүшелері емтихан билетіндегі сұрақтар аясында өзіндік еркін пайымдау деңгейін бағалайды. Талапкердің мамандық туралы таным түсінігі мен ғылыми зерттеуге деген ой-өрісін тексеруге бағытталған сапалық сұрақтар қойылады.

### **2. PhD докторантураға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

Докторантураға түсуші келесі жалпы мәдени және жалпы кәсіби құзіреттіліктерге ие болуы керек: исламды зерттеу теориялары мен тәжірибелерін таныстыратын мәтіндерді сыни қабылдау және интерпретациялау, олардың құрылу логикасын, олардың мазмұнының теориялық, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени және тарихи контекстпен шарттастығын түсіну, ойлау мәдениетін иемдену, ақпаратты жалпыламалау, анализдеу, қабылдау, мақсатты қоюға және оған жету жолдарын анықтау; ауызша және жазбаша сөз мәнерін логикалық тұрғыда дұрыс, дәлелді және анық құрастыру.

Исламның теориясы, тарихы, әдіснамасы бойынша, діни объектілердің ерекшеліктері туралы, олардың мазмұны, динамикасы, функциялары, таным мен болжаудың мүмкіндіктері жайында тұтас түсінікті қалыптастыратын басқа

да гуманитарлық пәндер бойынша фундаменталды кәсіби дайындығы болуы керек.

Араб тілінің негізгі курсының теориясы бойынша өзінің білімдерін, әртүрлі тақырыпта тілді ауызша және жазбаша тілдесу деңгейінде тәжірибелік қолдану дағдыларын көрсетуі тиіс. Оқуға түсуші тек нақты материал бойынша білімдерін ғана көрсетіп қоймай, классикалық мәтіндер және олардың қалыптасуының рухани-тарихи контекстінің негізінде исламның тарихи дамуының заңдылықтарын, себеп-салдарлық байланыстарын меңгергендігін көрсетуі керек.

**Бағалаудың өлшемдері:** Комиссия мүшелері ізденушінің сұрақтарға жауап беру барысында жазбаша-ауызша жауабы мен қосымша сұрақтарға берілген жауаптарын есепке ала отырып бағалайды. Жоғары бағалауға барлық сұрақтарға толық, дәйекті, негізді түрде жауап берген талапкер лайық болады. Талапкердің қорытынды бағалары балл түрінде жабық отырыста бағаланып, талқылау арқылы өткізіледі. Комиссия талапкердің қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды.

### **3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері**

Пререквизиттер: Ислам ілімдерінің заманауи мәселелері – 2 кредит (ПД), Хадистану -3 кредит (ПД), Ислам теологиясы – 3 кредит (ПД).

### **4. Емтихан тақырыптарының тізімі**

#### **4.1 «Ислам ілімдерінің заманауи мәселелері» пәні**

#### **1. Мұсылман дүниетанымының негіздері: Кұдай, қауым (үмбет), адам.**

Исламның әлемдік дін ретіндегі спецификасын, шарифаттың мұсылман қасиетті құқығы ретінде, мұсылмандардың билікке және жеке меншікке қарым-қатынасының ерекшеліктерін түсіндіру үшін мұсылман өркениетінің қайнар көздерін түсіну қажеттілігі. Иджтихад, таклид, фикһ, шарифаттың мәні.

#### **2. Ислам философиялық мектептерінің дінді оқыту бағыттарының, ағымдарының көптүрлілігі феномені.**

Ұғымдар: Исламдағы «бағыт», «ағым», «философиялық мектептер» және исламның доктриналық бірлігі.

Діни ағымдарды зерттеудің мақсаты. Діни ағымдарды зерттеудің маңыздылығы. Мұсылмандар арасындағы дау-жанжалдардың және қарама-қайшылықтардың себептері. Исламдағы дінді оқыту бағыттарының, ағымдарының қалыптасуының философиялық, әлеуметтік-саяси, этноұлттық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени себептері. Исламдағы жаңа бағыттардың, ағымдардың және мектептердің пайда болуының діни-философиялық негіздері.

Исламдағы бағыттардың, ағымдардың және құқықтық мектептердің жалпы классификациясы.

#### **3. Хариджизм. Хариджиттердің пайда болуы.**

Хариджиттердің – исламдағы ең ертедегі діни-саяси партия (бағыт) ізбасарларының ілімі.

Хариджиттердің ілімінің принциптері. Сиффиндегі шайқас (657) және Алидің өз ізбасарлары—«харуристтердің» бір бөлігімен діни-саяси жанжалы. Алидің бұрынғы жақтастарының Куфрадан кетуі хуриджиттік қозғалыстың (араб. хуридж –шығушы) бастауы ретінде және Алиге және оның бақталасы Муавияға қарсы күрес. Хариджиттердің әскери тактикасының ерекшеліктері.

VII ғ. екінші жартысында хариджиттік қозғалыстың жікке бөлінуі: азракиттер, ибадиттер, суфриттер және т.б. Доктриналық және дүниетанымдық бірліктің болмауы. Халифат және «хақ мұсылман қауымының суверенді билігі» жөніндегі хариджиттердің іліміндегі демократиялық тенденциялар. Шектен тыс шыққан фанатизм және саяси мен діни өзгеше ойлауға төзімсіздік. Хариджизмнің қазіргі заманда көрініс табуы.

**4. Шиизм.** Шииттер ілімінің қалыптасу тарихы. Шиизм Мұхаммед пайғамбардың қандық туыстық бойынша мұрагерлерінің (Али) және Муавияның арасындағы саяси күрестің (билік үшін –имамат) жемісі ретінде. «Пайғамбардың отбасына» жоғарғы билікті қайтару, Алиге және оның ұрпақтарына билікті беру жолындағы күрестегі шииттік саяси топ (алидидтер). Шииттердің жоғары билік туралы көзқарастарының мистификациясы: имам-«құдайшыл» субстанцияны иеленуші». Шиизм және Омейядтар мен Аббасидтер династиялары.

Шиизмдегі «орташа» и «шектен шыққан» ағымдар:

1) Зейдиттер: шығу тегі; осы ағымның пайда болу тарихы; зайдизм догматика мәселелеріндегі шииттік секталардың арасындағы ең орташасының мысалы ретінде: имаматтың құдайшыл табиғатын жоққа шығару, Алидтың әрқайсысының имам ретінде сайлау мүмкіндігін мойындау, алғашқы үш халифке төзімділікпен қарау: джафариттер, имамиттер.

Зайдиттер партиясы және оның саяси мақсаттары:

– Али тегінен сайланбалы имам басқаратын теократиялық мемлекетті құру; зайдизмнің таралу географиясы: Солтүстік Йемен, Сауд Арабиясы, Пәкістан және басқа елдер.

2) исмаилиттер: шығу тегі; осы ағымның пайда болу тарихы; исмаилиттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері; исмаилиттердің жікке бөлінуі; исмаилиттердің таралу географиясы.

3) имамиттер: шығу тегі; осы ағымның пайда болу тарихы; имамиттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері; имамиттердің таралу географиясы;

4) имамиттер Ирандағы антишахтық (анти – зайырлы) қозғалыстағы негізгі оппозициялық күш ретінде (XXғ.).

5) алавиттер, сонымен бірге нусайриттер деген атаумен белгілі: шығу тегі; осы ағымның пайда болу тарихы; алавиттер ілімінің доктриналық ерекшеліктері;

Заманауи шииттер және олардың сенімдерінің негіздері. Шииттік құқық мектебінің ерекшеліктері. Шииттердің діннің дереккөздеріне жүгіну әдістері.

**5. Суфизм. Анықтамасы.**

Суфизм тарихы. Сопылар ілімінің негіздері. Исламдағы суфизмнің пайда болуының әлеуметтік-саяси себептері мен идеялық қайнар көздері. «Тарикат»,

«шейх – ұстаз» ұғымдары. Сопылық тарикаттар: ат-Тиджанийя, ас-Синусийя, аль-Кадирийя, Рифайя, Накшбандийя, аль-Шазилийя және басқалары.

Әр тарикаттың өзіндік ерекшеліктері

Суфизмдегі он екі аналық тарикаттар.

Сопылық бауырластықтың ішкі құрылымының және өмірінің ерекшеліктері. Ұжымдық дем салу ретіндегі зікірдің мәні.

Суфизмнің әлемдегі және ҚР-дағы таралу географиясы.

**6. Уаһхабшылдық.** Анықтамасы. Шығу тегі. Уаһхабистік мектептің принциптері. Діни ілімнің идеялары және көзқарастары, ерекшеліктері.

**7. Исламдық тектегі дәстүрлі емес діни қозғалыстар.**

Бабизм – Өзін Баб (араб «баб» - қақпа) – «Жердегі әділдік пен теңдіктің» жаңа кезеңін «ашушы» «Мәсіхтің қақпалары» (махди) деп жариялаған (1844 ж.) Али Мұхаммед Ширазидің (1819 -1850) ізбасарлары баббиттердің (бабийя) ілімі.

Бабизмнің идеялық-саяси мәні және Ирандағы халықтың антишахтық қозғалысы (1848-1852 жж.). Бағдадтағы бабит қауымының жікке бөлінуі. Эзелиттер мен беһаиттер.

Бабиттердің доктриналық ерекшеліктері. Шарифатқа тыйым салынуы.

Бабит қозғалысындағы саяси жеке террордың тәжірибесі. Шиит муджтахидтердің Бабты күпір ретінде айыптауы және Ирандағы бабит қозғалысының талқандалуы.

Бахаизм – Бабиттік көтерілістің талқандалуы мен бабизмнің негізін салушы Бабтың (1850) өлім жазасынан кейін, Ираннан бабит қауымымен бірге көшкен, Баха Аллаһ («Аллаһтың жарқыны») деген атпен белгілі бабит Мирза Хусейн – Али Нуридін (1817-1892) ізбасарлары - бахаиттердің ілімі. Бахаизмнің доктриналық дереккөздері - Баха – Аллаһтың «Китаб – и – икан» (1858 ж.) және «Китаб ал -акадас» (1873 ж.) шығармалары. Беһаизм ілімінің және беһаиттік қауымдардың ішкі ұйымдастырылуының ерекшеліктері: церемониалдың, культ қызметкерлерінің және исламның негізгі догматтарының жоқтығы. Бабизмнен айырмашылықтары. Беһаизм және адамзаттың діни және саяси деңгейде бірлесуі. Хайфадағы Әлемдік Әділдік Үйі. Бахаизм ілімінің таралу географиясы.

Каданизм (Кадияни немесе Ахмадийя) – Пенджабта (Үндістан) Мирза Гулям Ахмад Кадияни (1835-1908) құрған мұсылман қауымы. Мұсылмандарға, христиандарға және басқа дін өкілдеріне бағытталған Кадияни ілімінің синкретикалық сипаты.

Ілімнің доктриналды негізі: ахмадийя (наби) қауымының негізін салушы өз бойында мұсылмандық махдиді, христиандық мессияны, индуистік Кришнаны нақтылы түрде көрсетті; Құранды рационалды түсіндіру (Мұхаммед Алидің ағылшын баспасына түсініктемелері); қажылық объектісі ретінде Пенджаб жарияланды (Ахмад Кадияни – осыдан

–ахмадийя тұрған жер) және Кашмирдегі Сринагор қаласы Христостың (Иус Асафа) болжалды жерленген орны; 2,5% зекет табыстан емес капиталдан есептеледі.

Ахмадийаның ағартушылық қызметі. Ілімнің әлем бойынша таралу географиясы.

Исламдық қауымдар және Хизбут- Тахрир қозғалысы: анықтамасы; шығу тегі; осы қозғалыстың пайда болу тарихы; Хизбу-тахрир қозғалысы ілімінің негіздері; заманауи мәселелердің құқықтық шешімі; Ілімнің әлем және ТМД бойынша таралу географиясы

Таблиғи Жамаат: анықтамасы; шығу тегі; осы қозғалыстың пайда болу тарихы; таблиғи қозғалысы ілімінің негіздері.

Хабашииттер: анықтамасы; шығу тегі; осы қозғалыстың пайда болу тарихы; хабашииттер қозғалысы ілімінің негіздері. Джамаат ат-Такфирваль-хиджра: осы ағыммен танысу; осы қозғалыстың пайда болу тарихы; діни ілімнің идеялары және көзқарастары, ерекшеліктері.

**8. Исламның заманауи проблемалары.** Ресейдегі, Батыстағы және Қазақстандағы ислам.

**9. Ислам мәдениеті.** Исламның әлемдік мәдениетке қосқан үлесі, заманауи бұқаралық мәдениетке ықпалы.

Мұсылмандық синкретизм проблемалары: испан мориски, бахаизм, сикхизм.

Исламның заманауи ағымдары мен проблемалары («мұсылман социализмі» және «ислам революциясы» концепциялары; «ислам мемлекеті» және «ислам экономикасы» концепциялары). Джихадтың заманауи концепциялары және исламдық фанатизм (терроризм) мәселесі. Исламизм идеологиясы заманауи мұсылман елдерінің саясатының факторы ретінде

### **10. Ислам тарихының саяси аспектілері**

Ислам реформациясының жолында: азаматтық еркіндік, адам құқықтары. Ислам ғасырды іздеу үстінде. Ислам заманауи идеялық-саяси күресте. Ислам және ұлттар. Шииттік дін басылардың Иранның қоғамдық-саяси өміріне ықпал ету жолдары мен формалары. Ислам ХХІ ғ қарсаңында. Халифатсыз халифтар: Таяу Шығыстағы исламлық үкіметтік емес діни-саяси ұйымдар: тарихы, идеологиясы, қызметі. Араб елдеріндегі исламдық экстремизм. Шығыс елдерінің саяси өміріндегі мұсылман азшылықтары.

### **11. Еуропалық ислам.**

Еуропалық ислам немесе исламдық Еуропа. Еуропадағы мұсылман феноменінің демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси мәні. Исламның детерриториализация концепциясы. Мұсылмандар ассимиляциясы сәтсіздігінің тәжірибелі нәтижесі ретіндегі Еуропа ішіндегі христиан-мұсылман шекарасы туралы түсінік.

Еуропалық мультикультурализмнің теориясы мен тәжірибесі, исламофобияның себептері. Еуропалық исламофобияның тарихи тамырлары. Жекелеген еуропалық мемлекеттердің және тұтастай ЕО-ның саяси исламды нақты геосаяси мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдалану тенденциясы (мысалы «Ислам мемлекеті»). Саяси исламның «жақсы» және «жаманға» бөлінуі, еуропалық үкіметтің конъюнктуралық мүдделеріне іс-әрекеттері сай келетін исламистерді қолдау.

## 4.2 Хадистану

**1. Пәнді оқуға кіріспе.** Хадистану ғылымы. Хадистерді зерттеу және классификациялау мақсаты.

**2. Мұхаммед Пайғамбардың сүннеті.** Сүннет анықтамасы және оның Құранмен байланысы. Хадистер исламды жақсырақ түсінуге көмектеседі. Хадистер және мұсылмандардың өмір салты. Сенімді хадистердің жиынтығын құрастыру. Пайғамбардың сүннеті және мұсылман дінінің негізін қалаушының шығармашылығы (ижтихад). Ерте мұсылман қауымының Мұхаммедтің үлгісіне қажеттілігі. Хадистерді жинау және жеткізу әдістері. Хадистердің беделінің өсуі (VIII-IXғғ.) және сүннеттің мұсылман діни ілімінің екінші, қосымша дерек көзі ретінде қарастырылу. Сүннетке сунниттердің және шииттердің қарым-қатынасы: хадис және хабар. Құран мен сүннеттің қоғам өмірінің мәселелерін шешудегі түйіндесуі.

Хадис білімді жеткізудің ерекше формасы ретінде. Хадистің құрылымы: иснад және матн, олардың бағытталуы. Хадистердің мұсылмандық дәстүрлі сынауы. Оларды классификациялау және верификациялау принциптері. Сунна ерте ислам кезеңі бойынша тарихи дерек көзі ретінде. Хадис жинақтарының аудармалары және оларды зерттеу мен датировкалаудың заманауи әдістері. Хадистер, серіктестер мен олардың ізбасарларының сөздері (*таби'ин*). Сунна мен хадистің арасындағы айырмашылық. Сунна және жаңашылдық (*бид'а*). *Құдси* хадис.

### 3. Хадистердің классификациясы.

**а. Хадистердің түрлері** «Сахих» хадис («сенімді»), «сахих лизатихи» және «сахих лигайрихи». «Хасан» хадис («жақсы»), «хасан лизатихи» және «хасан лигайрихи». «Дауф» хадис («әлсіз»), шарифат мәселелерін шешуде «әлсіз» хадистерді қолдану деңгейі.

**4. Хадистердің жеткізушілерінің санына қарай классификациясы.** «Мутаватир» хадис. «Маихур» хадис. «Азиз» хадис. «Ахад» хадис. «Ахад» хадистерді қолдану жөніндегі ғалымдардың пікірлері

### 5. Иснад – хадисті жеткізушілердің тізбегі

- Иснад және хадистерді жеткізушілерге қойылатын талаптар
- Иснад туралы ғылым, Иснадтың сенімділігінің маңыздылығы;
- Иснад Муттасыль (الإسناد المتصل);
- Иснад гаир-Муттасыль (الإسناد غير المتصل);
- Иснад Алий (الإسناد العالي);
- Иснад Назиль (الإسناد النازل);
- «Иснад Алий» және «Иснад Назиль» арасындағы айырмашылық;
- Иснад Сахих (الإسناد الصحيح);
- «Әлсіз» иснадтардың түрлері: (الواهي، المعنعن، المؤنن، المضطرب);
- Иснадтағы алмастырулар (القلب في السند);

**6. Растау және терістеу ғылымы** (Ильм ад-Джарх ва ат-Тад'иль – « – хадисті жеткізушінің шыншылдығы (адалдығын) анықтайтын (дәлелдейтін), сонымен бірге түрлі сипаттағы айыптаулар мүмкіндігін бұратын (жоятын) бірегей ғылым. Бұл әдістеме хадистерді іріктеу процесінде қалыптасып, өз алдына жалғыз, әлемде аналогтары жоқ болып табылады. Хадистерді



жеткізушілердің өмірін егжей-тегжейлеріне дейін, олардың шыншылдығы, адалдығы, діндарлығы, есте сақтауы (естіген хадисін дұрыс жеткізуі), сонымен бірге оның ақыл-есі тарапынан зерттеуге қолданылады.

#### **7. Хадисты жеткізушіге қойылатын талаптар**

- Хадисты жеткізудегі шыншылдық;
- Баяндаудағы нақтылық;
- Хадисты мағыналық жеткізу мүмкіндігі;
- Жеткізуші хадисті естіген көздеріне қойылатын талаптар;

#### **8. Хадистерді жазу**

- Аллаһ Елшісінің өмірі кезіндегі хадистерді жазу;
- Оның өлімінен кейінгі хадистерді жазу;

#### **9. Хадистердің маңызды жинақтары.**

а. Хадистер жинақтары және олардың авторларының өмір баяны.

Ғалымдардың келесі жинақтар бойынша пікірлері:

- Сахих әл-Бухари;
- Сахих Муслим;
- Сунан Ан-Насаи;
- Сунан Абу Дауд;
- Сунан Ат-Тирмизи;
- Сунан Ибн Мадж;
- Муватт Малик;
- Муснад Ахмад Ибн Ханбал;

**10.** Жалған хадистердің пайда болу жолдары. Жалған хадистерді және олардың авторларын анықтау бойынша ғалым-хадистанушылардың еңбектері. Жалған хадистерді анықтау саласында жазылған маңызды еңбектер: «Жалған хадистердің пайда болу жолдары», авторы Ас-Суюти; «Шариатты тазарту», авторы Ибн ‘Аррак;

### **4.3 Ислам теологиясы**

#### **1. Кіріспе**

«Ислам теологиясы» терминінің мәні, осы ғылымның зерттеу пәні және объектісі. Исламдық ғылымдардың пайда болу тарихы. «Ислам теологиясының» исламдық ғылымдардың арасындағы орны және маңыздылығы.

Мұсылмандық дін оқуының ерекшеліктері. Көрнекті ислам теологтарының қысқаша өмір баяндары.

**2. Аллаһ.** Қасиетті мәтіндерден дәлелдер. Рационалды дәлелдер. Классикалық дәлелдер: Абу-Ханифа және Джафар ас-Садиктің дәлелдерінің мысалында.

Адам құрылысындағы дәлелдер. Суфизм тұрғысынан Аллаһтың болуы.

Құдайдың болуын заманауи айғақтау талпыныстарының мысалдары. Аллаһтың есімдері мен атрибуттары: құдайшылдық атрибуттардың классификациясы. Атрибуттарды түсіндіру: «Бар болуы», «бастамасыздық», «Шексіздік», «Тәуелсіз бар болуы», «Жалғыздық», «Өмір», «Білім», «Ерік», «Құдірет», «Есту», «Көру», «Сөз», «Жарату» және т.б. Құран мен Суннада

аталған барлық құдайшылдық атрибуттарды мойындаудың міндеттілігі. Құдайшылдық атрибуттарды ұғыну күрделілігінің себептері.

Құдайшылдық атрибуттарды түсіну және түсіндірудің әдіснамасы. Аллаһ Тағаланың 99 есімі.

## **2. Діни жазбаларға сенім (кітаптар)**

Діни жазбалардың анықтамасы. Олардың түсірудің мақсаты. Құранға дейін түсірілген діни жазбалар.

**3. Періштелерге сенім.** Періштелерге сенім анықтамасы, періштелердің жаратылуы, Құран мен суннадағы періштелер. Періштелердің атрибуттары. Періштелердің міндеттері: Ұлық періштелер және олардың міндеттері. Қорғаушы періштелер. Періштелер Құдайдың қызметкерлері.

**4. Жындар.** Жындар – оттан жаратылған тіршілік иелері. Жындардың өркениеті адамзат өркениетімен параллелді өмір сүреді. Жындардың атрибуттары: ақыл, құмарлық, сенім, және сенбеушілік.

**6. Пайғамбарлар мен елшілер.** Пайғамбарлар мен елшілерге сенімнің мәні. Суннада көрсетілген елшілердің саны. Елші мен пайғамбардың арасындағы айырмашылық. Пайғамбарлардың міндеттері: Адамдарға құдайдың заңдарын жеткізу. Құдайдың заңдарын түсіндіру. Жеке үлгісі. Үмбетті басқару. Оппоненттермен дискуссия жүргізу. Пайғамбарлардың атрибуттары: күнәсіз адамдар, әулиелер.

**7. Қиямет күні.** Қиямет күнінен сенімнің мәні. Қиямет күні туралы баяндайтын Құранның аяттары мен пайғамбардың хадистері. Құрандағы Қиямет күнінің атауы. Өлім. Қабір. Сенушілер мен сенбеушілердің қабірдегі жағдайы. Қиямет күнінің белгілері.

Қайта тірілу. Жиналу. Есеп. Сырат. Жәннат. Тозақ.

**8. Тағдыр.** Тағдырдың мәні. Тағдырдың тарихы. Тағдыр – «Құдірет» және «Білім» сияқты құдайшылдық атрибуттардың нәтижесі. Исламдағы жақсылық пен жамандық концепциясы. Аллаһтың адамның іс-әрекетін жаратуы және оның таңдау еркімен арақатынасы.

**9. Сенімнің мәні.** Сенім анықтамасы. Абу-Ханифа мен оның оппоненттерінің пікірлері. Екі анықтаманың ортақ сәттері. Сенім өзгермелі ме, әлде тұрақты ма? Ғалымдардың сенімнің тұрақтылығы және өзгермелілігі жайындағы көзқарастары. Аталған көзқарастардың арасындағы қарама-қайшылықтарды түсіндіріңіз. Сенімнің деңгейлері. Сенімнің деңгейлері бойынша классификациясы: иман фитри, иман таклиди, иман истидлали.

Исламды қабылдау: Исламды қабылдау ережелері. «Аллаһтан басқа Тәңір жоқ» формуласын айту және оның мәні.

**10. Сенбеушілік.** Сенбеушілік анықтамасы. Сенбеушілікке келтіретін сөздер, пікірлер және іс-әрекеттер. Сенбеушілікке келтіретін әрекеттердің бірнеше түрлері болады. Сенбеушілікке келтіретін пікірлер. Сенбеушілікке келтіретін сөздер. Сенбеушілікке келтіретін іс-әрекеттер.

Мұсылман еместермен өзара қарым-қатынастың ережелері. Сенбеушілермен қастық мүмкін емес, дегенмен олармен қарым-қатынас Ислам принциптеріне және мұсылманның сеніміне жоюшы ықпалы болмауы керек. Сенбеушіліктің түрлері: сенбеушілік жоққа шығару. Сенбеушілік

мойындамаушылық. Сенбеушілік қырсықтық. Сенбеушілік екіжүзділік. Көпқұдайшылдық/пұтқа табынушылық (пұтқа табынушылықтың діни классификациясы. Пұтқа табынушылықтың дінтанушылық классификациясы). Дінсіздік. Діннен қол үзушілік

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ**

### **Негізгі әдебиет:**

- 1 Н.Ж. Байтенова, И. Челеби. Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы мен болашағы. – Алматы, 2012.
- 2 Байтенова және т.б. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер: конфессияаралық келісім. – Алматы, 2014.
- 3 С.У. Абжалов. Ханафи мазһабы. – Алматы, 2013.
- 4 С. Сейтбеков. Мәзһабтар тарихы. – Алматы, 2012.
- 5 Т. Ғабитов, Қ. Затов. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы, 2012.
- 6 Н.Ж. Байтенова және т.б. Исламдағы секталар мен бағыттар. – Алматы, 2013.
- 7 Б. Топалоглу. Ислам теологиясы. Кіріспе. – Алматы, 2014.
- 8 М.Исаұлы. Құран кімнің сөзі?. – Алматы, 2004
- 9 Мамиров М.З. книга исламских сект и вероучений. – М.: Телевидеокомпания «Исламский Мир», 2007. – 472с.

### **Қосымша әдебиет:**

- 1 Г.М. Керимов. Шариат закон жизни мусульман. – Москва-Санкт Петербург: Диля, 2007.
- 2 Нұралы Өсерұлы. Шариат. – Алматы, 1996..
- 3 Ислам. Энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1991
- 4 Шииты, сунниты, дервишы: вечные тайны ислама. – М.: Ид-во Эксмо, Изд-во Алгоритм, 2005. – 416с.
- 5 Шәмшат Әділбаева. Хадис - ғұрпымыз Сүннет - салтымыз. – Алматы, 2009.
- 6 М. Легенгаузен. Современные вопросы исламской мысли. – М.: 2009.
- 7 Василий Бартольд. Ислам. – М.: 2012.
- 8 Д. Кенжетай. Сопылық тарихы және философиясы. Алматы, 2012 ж. - 39 бет.
- 9 Д. Кенжетай. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. - Түркістан, 2004. - 341 бет
- 10 Д. Кенжетай. Ислам философиясы. Алматы. 2012ж. -115 бет.

### **Бағалау критерийлері**

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша білімдерді бағалау келесі күзиретгіліктерге сай болуы керек:

- зерттеудің жаңа әдістеріне өз бетімен оқуға, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік пішінін өзгертуге, қоғамда пайда болатын мәселелерді өзгеруге және шешуге қабілетті;

- кәсіби құзіреттілік аясында өзінің шешімдері үшін жауапкершілікті алуға дайын, стандартты емес шешімдерді қабылдауға, проблемалық жағдайларды шешуге қабілетті;

- теологиялық, философиялық және ғылыми еңбектерді өз бетімен талдау, қоғамның әлеуметтік, экономикалық және рухани дамуының ғылыми анализінің негізінде болжамдар жасау және ұсыныстар жасау, кітапханалық қорлар, мерзімді басылым және басқалары арқылы ақпаратты іздестіре алу;

- стандартты кәсіби міндеттерді шешу, логикалық және сыни ойлау, шешімдерді қуаттау және аргументациялау дағдыларын дамыту.

Бағалар дәл сол күні рәсімдеуден соң, Мемлекеттік аттестациялық комиссияның отырысының хаттамаларының белгіленген тәртіпте жарияланады.

Кешенді мемлекеттік емтиханды ауызша-жазбаша формада өткізу барысында түлектердің білімдерін бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

«Өте жақсы» бағасы – барлық бағдарламалық материалды терең жан-жақты білуі, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың мәнін және өзара байланысын түсіну, пәннің негізгі қағидаларын нақты білу: емтихан билетінің барлық сұрақтарына және емтихан комиссиясының қосымша сұрақтарына логикалық бірізді, мазмұндық, толық дұрыс және нақты жауаптар беру; сұрақтарға жауап беруге ұсынылған әдебиеттердің барлық материалдарын қажетті дәрежеде қолдану.

«Жақсы» бағасы – барлық бағдарламалық материалды нақты және жеткілікті деңгейдегі толық білуі, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың мәнін және өзара байланысын дұрыс түсіну; жекелеген сұрақтар бойынша ескертулерді еркін жоя отырып, қойылған сұрақтарға бірізді, дұрыс, нақты жауап беру.

«Қанағаттанарлық» бағасы – бағдарламалық материалдың негізгі сұрақтарын нақты білуі және түсінуі, дұрыс және нақты, өрескел қателіктерсіз, емтихан қабылдаушылардың жетекші сұрақтарында жекелеген қағидаларды ашудағы олқылықтарды және болмашы қателермен қойылған сұрақтарға жауап беру, сұрақтарға жауап беру барысында негізгі ұсынылған әдебиеттер толық қолданылмаған.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасы – негізгі сұрақтардың ең болмаса біреуіне дұрыс жауап бермеу, жауап беруде өрескел қателер жіберу, баяндалған сұрақтардың мәнін түсінбеу; қосымша сұрақтарға сенімсіз және дәл емес жауаптар

Емтихан жұмыстарының бағасы 100-балдық шкаламен жауаптың дәрежесі мен толықтылығы ескеріле қойылады:

Шкала, балдар	1 сұрақтың бағасы	2 сұрақтың бағасы	3 сұрақтың бағасы
90-100 Өте жақсы	30-27	35-32	35-32
75-89	26-23	31-26	31-26

Жақсы			
50-74 Қанағаттанарлық	22-15	25-18	25-18
0-49 Қанағаттанарлықсыз	14-0	17-0	17-0